

Қадірлі нұралықтар! Құрметті аудандық қаржы жүйесінің қызметкерлері мен ардагерлері!

Сіздерді кәсіби мереке - Қаржыгерлер күні және Ұлттық валюта күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Тәуелсіздік қарсаңында отандық нарықтық экономиканың негіздері қалыптасты. Өткен жылдардың тарихи сәттері Қазақстанның сол кездегі таңдаған бағытының дұрыстығын және маңызды қадам екендігін растайды. Сыздарлы саясаттың арқасында Ұлттық валюта егемендіктің символына айналып, тәуелсіздігіміздің тұғырын одан әрі нығайта түсті.

15 қараша - ұлттық валюта - теңге күні ҚР қаржы саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесі болып табылады. Нұра ауданының қаржы мекемелері ауданның өмірлік функциялары мен тетіктерінің негізгі буыны бола отырып, экономикасында маңызды орын алады. Бүгінгі күнде біздің қаржыгерлер бюджеттердің кіріс көздерін дамытудың, ақша ресурстарын тиімді бөлуді басқарудың өзекті мәселелерін сәтті шешу үстінде.

Құрметті жерлестер, сіздерді Ұлттық валютаның 30 жылдығымен шын жүректен құттықтаймыз! Қазақстан теңгесі әрі қарай да халықтың игілігіне қызмет етіп, елдің гүлденуі мен өркендеуіне ықпал ете берсін!

Б. Мұқанов
Нұра ауданының өкімі
Қ. Жүнісбеков
Аудандық мәслихат
төрағасы

Дорогие нурынцы! Уважаемые работники и ветераны финансовой системы района!

От всей души поздравляем вас с Днем национальной валюты - профессиональным праздником всех работников финансовых органов.

На заре независимости, в сложных экономических условиях, были сформированы основы отечественной рыночной экономики. Прошедшие годы подтверждают правильность и глубокое историческое значение сделанного Казахстаном выбора. Выбора в пользу стабильности, экономического роста, благополучия.

15 ноября - День национальной валюты - тенге - является профессиональным праздником работников финансовой отрасли РК. Финансовые учреждения Нуринского района занимают важное место в экономике района, являясь основным звеном его жизненных функций и механизмов. На сегодняшний день наши финансисты успешно решают актуальные проблемы развития доходных источников бюджетов, управления эффективным распределением денежных ресурсов.

Дорогие земляки! В день празднования 30-летия национальной валюты примите наши искренние поздравления! Пусть казахстанский тенге и в дальнейшем служит на благо народа, способствует обогащению и процветанию страны!

Б. Муқанов
аким Нуринского района
К. Жунусбеков
председатель
районного маслихата

15 қараша – Ұлттық валюта күні Halyk Bank – сапалы қызмет көрсету

Ұлттық теңгеміз ҚР Президентінің 1993 жылдың 12 қарашасында қол қойған «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу туралы» Заңынан бастау алады. Арада үш күн өткенде, 15 қарашада ел аумағындағы жаңа сауда-саттық жасау құралы ретінде төл теңгеміз қолданысқа енді.

Отыз жылдық тарихы бар ұлттық валюта күні қарсаңында «Қазақстан халық банкі» АҚ Теміртау өңірлік филиалы №9 дербес сервис орталығының басшысы, «Үздік банк қызметкері - 2020» белгісінің иегері Аманжолова Майда Жармолдинаға бірнеше сұрақ қоюды жөн көрдік.



- Майда Жармолдина, осы банкте табан аудармай қызмет атқарып келе жатқаныңызға да отыз жылға жуықтап қалған секілді...

- Осы банкке жұмысқа 1998 жылы келдім. Өуелде кассирліктен бастаған жұмысымнан бастап есептегенде биылғы жылы толық жиырма бес

жыл толып отыр.

- Әр жұмыстың өзіндік қиындықтары болатыны белгілі. Теңгемен, валютамен байланысқан істе қажу жоқ па?

- Қажу жоқ, әрине. Өзімнің жүрек қалауыммен таңдаған мамандығым. Астана қаласында колледжді бухгал-

терілік мамандық бойынша аяқтадым. Уақыттың да қалай зымырап өткені белгісіз, жиырма бес жыл да аз уақыт емес. Оған дейін коммуналдық мекемеде бухгалтер болған едім. Еш өкінішім жоқ. Өбден машықтанып алдым десем артық айтқандық емес.

жалғасы 5-бетте



Больше чем просто спорт!

Про паралимпийское движение сейчас знают все. Некоторые спортсмены-паралимпийцы известны не менее своих здоровых коллег. А некоторые из этих удивительных людей бросают вызов обычным спортсменам и не только соревнуются наравне с ними, но и побеждают.

Стать великим спортсменом под силу далеко не каждому. Начать спортивную карьеру, будучи инвалидом, – задача наивысшего уровня сложности. Паралимпийцы – это потрясающий пример самоотверженности и железной силы воли. Это гордость каждого народа.

Каримсаков Нуркен из с. Жараспай многие годы увлекается спортивной игрой «тоғыз кумалак».

"Тоғыз кумалак" является одной из древнейших казахских национальных игр. "Тоғыз кумалак" - это на-

стоящая игра на доске на логику и смекалку, призванная развивать логическое математическое мышление и выдержку.

Н. Каримсаков родился в 1965 году в с. Жараспай Нуринского района. Там же окончил среднюю школу. Рабочую специальность получил в г. Караганда, где проживал и работал долгие годы. Первую высокую спортивную награду он получил, заняв второе место по "тоғыз кумалак" в ежегодной сельской спартакиаде «Сары Арка» в 1989 году. В период с 1989 года по 1995 год Нуркен ежегодно участвовал в соревнованиях от Нуринского района, завоевывая призовые места.

В 2009 году Нуркена поразил инсульт. Были длительные лечение, реабилитационный период. Болезнь полностью не отступила, и как результат – частичный паралич и инвалидность I группы. Но болезнь не сломила сильного духом человека. Возможно, благодаря любимому увлечению - игре "Тоғыз кумалак". Неко-

Спорт без границ

торые начинают свою спортивную карьеру как медицинскую реабилитацию вследствие инвалидности. Безусловно, быть спортсменом человеку с ограниченными возможностями тяжело. Но сейчас, несмотря на свое заболевание, Н. Каримсаков продолжает участвовать от нашего

района в соревнованиях различного уровня, причем не только среди спортсменов с ограниченными возможностями, но, как и прежде, продолжает защищать спортивную честь районной сборной. Только с 2017 года он четырежды становился золотым и серебряным призером областной спартакиады «Сары Арка», постоянно принимает участие в районных соревнованиях. Имеет почетные грамоты и благодарственные письма от руководства района.

Пример паралимпийцев, спортсменов с ограниченными возможностями, заставляет удивляться силе и мужеству людей, заставляет по-иному взглянуть на мир. Они ставят рекорды в спортивных соревнованиях, научившись не только жить, но и побеждать. Желаем Нуркену Каримсакову крепкого здоровья, благополучия и дальнейших высоких спортивных достижений!

Дмитрий ШВЕЦОВ

Тіл - тұғыр

Үш тұғырлы тіл – жастардың жарқын болашағы

Өз тілің - бірлік үшін,
Өзге тіл - тірлік үшін.



Қазіргі таңда үш тіл білу артықшылық емес, заман талабы. Еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болу үшін, жарқын болашақтың кепілін қамтамасыз ету үшін бірнеше тіл білген жөн. Егер ана тілі арқылы әріптестермен қарым-қатынас жасасаң, шет тілі арқасында халықаралық нарыққа шығуға болады. Өзге тілді білудің пайдасы анық. Оның ішінде: шетелдік университеттерде білім алу мүмкіндігі, ой-өрісті дамытып, әлемде еркін саяхаттау, жаңа достар табу, әлемдік жаңалықтарды, оның ішінде ғылыми, саяси әрі экономикалық жаңалықтарды бірден білу, мансап өсу. Әрине, артықшылықтарды әрі қарай жалғастыруға болады.

Шет тілдер арасында әлемдегі ең көп тараған, халықаралық тілге арналған ағылшын тілін білу жоғарыда айтылғандай әлемді тануға керемет мүмкіндік ашады. Алайда, қазіргі күнде Шекспир тілінде сөйлеу ешкімді таңғалдырмайды. Әсіресе үлкен қалаларда ағылшын тілін білу норма ретінде қабылданады. Сондықтан, бір тілмен шектелмей, басқа да тілдерді оқу жөн, себебі жалпы миға, менталды дамуға пайдасы өте зор.

Өз басым шет тілдерді білу арқасында Италияның Рим қаласындағы "La Sapienza" университетінде магистратура оқуға толық грантқа ие болдым. Шетелдік университетке түсу үшін ағылшын тілін игеруін көрсететін IELTS сертификаты болуы шарт. Оған қоса, таңдаған университетте неліктен оқығын келетінін туралы мотивациялық хат жазу қажет. Ол хат та ағылшын тілінде жазылады. Сонымен қатар, кейбір университеттерге түсу үшін шет тілде сұхбат өту бөлек әрі шешуші кезең болып табылады.

Жаһандану процесіне байланысты күн сайын біз сыртқы әлеммен көбірек араласамыз. Әр адам жұмыста шұғыл шешім қабылдау қажеттілігімен кездеседі. Шетелдік әріптестермен жұмыс істеу барысында аудармашы көмегіне жүгінуге уақыт болмауы мүмкін. Сол себепті әр адамның шетел тілін білгені жөн. Өзге тілді білу – өз тілімізге деген құрметтен бастау алады. Қазақ тілі еш талас жоқ, теңдессіз бай тіл. Өз тілін еркін меңгерген қазіргі жастар жан-жақты, жаңалыққа жаны құштар, тіл меңгеруге икемді. Сондықтан үш тұғырлы тіл – жастардың жарқын болашағы дегім келеді.

Сауле Құтбаева
Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі
«Ы.Алтынсарин атындағы
тірек мектебі (РО)»

15 қараша – Ұлттық валюта күні

Теңге - тәуелсіздігіміздің символы

90-жылдардың басында біздің Республика тәуелсіздік алғаннан кейін Мемлекет басшысы мен Үкіметтің алдында шұғыл және дұрыс шешімдерді талап ететін үлкен сын-қатерлер мен міндеттер тұрды. Біздің еліміздің болашағын айқындайтын шешімдер, олар ел басшылығының алдына қойылған басты міндеттердің бірі - рубльдік аймақтан шығу және өзінің ұлттық валютасын енгізу болатын.

Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның 10 жылдығына арналған салтанатты шарада: «Бүгін Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарын еске ала отырып, мен кейде біздің қаншалықты жетістікке жеткенімізге, қандай қиындықтарды жеңе алғанымызға таң қаламын. Біз сол кезде бір елде, бір уақытта сирек кездесетін міндеттердің үлкен жиынтығын шешу қажеттілігіне сүйене отырып әрекет жасадық».



Бірақ бізге болашаққа деген сенім көмектесті, бұл бізді қатты және қарқынды жұмыс істеуге мәжбүр етті. Ел қызу жұмыс істеді. 90-шы жылдардағы дағдарыспен барлық қиындықтарға қарамастан, сайып келгенде, экономиканы сауықтыруға, ең бастысы адамдардың ерік-жігерін, жинақылығы мен ұйымшылдығын жұмылдыруға ықпал етті.

1993 жылғы 12 қарашада тұңғыш Пре-

зидент Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгені енгізу туралы» жарлыққа қол қойды. Сол жарлықпен Қазақстанның ұлттық валютасы 1993 жылғы 15 қарашада КСРО-ның 1 теңге - 500 рубль қатынасында айналымға енгізілді. Біздің ұлттық валютамыздың негізгі әзірлеушілерінің бірі белгілі сәулетші және дизайнер Қайрулла Габжалелов болды.

Неге «теңге»? Теңге атауы ортағасырлық «денге» немесе «таньга» түркі күміс монеталарынан шыққан, олардан орыстың «деньга» монетасының атауы және «деньги» сөзінің өзі шыққан. Қазіргі заманғы теңге ортағасырлық Қазақстанның ірі қалалары Отырар мен Тараздың 13 ғасырдан соғыла басталған монеталардың дәстүрін жалғастыруда.

жалғасы 3-бетте



Социальная поддержка лиц с инвалидностью в Казахстане имеет многосторонний подход, включая меры по созданию необходимой инфраструктуры в городах и селах, упрощению процедур получения инвалидности, в том числе перевод данного процесса в онлайн режим за счет цифровизации услуг и данных, дальнейшее улучшение системы реабилитации, поддержку при трудоустройстве, повышение доступности образования, формирования в обществе уважительного отношения к лицам с особыми потребностями и т.д.

Многие люди с ограниченными возможностями не могут сидеть дома, и сумма пенсии их не удовлетворяет. Поэтому, несмотря на ограниченные возможности, казахстанцы изыскивают возможности быть полезными обществу и зарабатывать.

Сегодня в Казахстане только четверть всех трудоспособных лиц с инвалидностью вовлечена в активную трудовую деятельность. В связи с этим мы ставим себе цель увеличить долю занятых лиц с инвалидностью до 30% от трудоспособного возраста, в том числе вовлечение данной категории лиц в активную предпринимательскую деятельность.

Открытие собственного дела людям с ограниченными возможностями стало реальным за счет реализации поручения Главы государства по повышению благосостояния населения и Национального проекта развития предпринимательства на 2021-2025 годы.

В рамках данного проекта предо-

Социальная ответственность и вклад бизнеса в обеспечение равных возможностей

ставляются гранты социально уязвимым группам населения, к которым относятся получатели адресной социальной помощи, пособия по многодетности, социального пособия по случаю потери кормильца, переселенцы, кандасы, лица с инвалидностью, не имеющие противопоказания к труду, лица, воспитывающие ребенка с инвалидностью.

Так, на период с 2022-2023 годы из 79 человек, получивших безвозмездные гранты на открытие собственного дела, 22 человека являются инвалидами. Создано более ста новых рабочих мест.

С помощью грантов развиваются сфера сельского хозяйства, производство продуктов питания, производство строительных материалов, индустрия красоты и виды бытовых услуг. Повышается спрос на национальные ценности, в связи с этим создаются цеха по пошиву национальной одежды и предметов быта.

За два года получены гранты на развитие животноводства, выращивание домашней птицы, переработку молока, производство пеноблоков, производство полуфабрикатов, услуги автоэлектрика, швейные цеха, салоны красоты и т.д.

Национальный проект развития предпринимательства в регионе востребован. Заявок поступает много. Постепенно увеличивается число жителей из социально уязвимых слоев населения, открывших свое дело благодаря государственному гранту.

Внедрен новый формат поддержки бизнеса – поддержка социального предпринимательства. В 2022 году присвоен статус субъектов социального предпринимательства индивидуальному предпринимателю Лезихину Евгению Николаевичу, который занимается производством бутилированной питьевой воды с.Заречное. В данном предприятии 50% работающих являются люди с

ограниченными возможностями.

Государственная поддержка социального предпринимательства осуществляется в виде предоставления налоговых льгот в соответствии с Кодексом Республики Казахстан "О налогах и других обязательных платежах в бюджет", оказания финансовой и информационной поддержки, оказания консультационной и методической поддержки субъектам социального предпринимательства, развития через акселерационные программы (в том числе по вопросам привлечения средств, участия в закупках товаров, работ, услуг), предоставления государственных грантов для организации и реализации социально значимых проектов в отраслях экономики.

С 1 января 2019 года вступили в силу поправки в Закон Республики Казахстан "О государственных закупках" в части автоматизации процедур участия общественных объединений лиц с инвалидностью и организаций, созданных ими, в государственных закупках. Данная мера предусматривает повышение конкурентоспособности общественных объединений лиц с инвалидностью и организаций, созданных ими, при поставке товаров, выполнении работ и оказании услуг.

Ежегодно всеми государственными органами проводятся семинары, круглые столы, рабочие совещания по разъяснению государственных программ развития предпринимательства с выездом в населенные пункты района.

А.Кусаинова
руководитель отдела
предпринимательства
и промышленности
Нуринаского района

Нуринские звезды

В районном Доме культуры впервые состоялся районный конкурс "Нура Жұлдыздары", организованный с целью раскрытия талантов среди жителей района, выявления способностей, а также эстетического воспитания молодежи. Одиннадцать пар выступили в первом этапе конкурса.

Согласно условиям конкурса, выступления проходят попарно. В каждой паре один из участников является уже известным публике артистом, узнаваемым на сцене, а второй участник обладает иной профессией. По взаимному согласованию конкурсанты объединились в пары: певцы - Есенов Нурсултан и Динеева Динара, Шахарбаев Амангельды и Амангельдиева Аяулым, Баймаганбетова Олеся и Кордабай Еркебулан, Жупенов Жанбырбай и Шолтаев Талгат, Орманбаев Абай и Рахимбай Асанали, танцоры - Хасимхан Нуркулан и Амангельды Алибек, Мекек Канат и Елтай Жанарыс, Ахметова Салтанат и Ибрайбекова Асем, Зейнекешева Аяжан и Газиз Нургазы, Казимова Жазира



и Шалабаева Сания, Бустекбаева Аида и Балабиев Атымтай. Следует отметить, что этапы конкурса проводятся по пятницам,

еженедельно, причем на различные темы. К примеру, темой первого этапа была "семья", и всё связанное с семейными отноше-

ниями. Выступления конкурсантов оценивает компетентное жюри, состав которого постоянно меняется.

На прошедших этапах конкурса зрителям не хватало мест в зале. Поддержка широкой публики, болельщиков, восторженные аплодисменты сторонников вдохновляли конкурсантов. Перед началом конкурса каждому из зрителей вручается "жетон голосования". Оценка выступления выставляется в зависимости от зрительских симпатий и решения жюри. По правилам конкурса, пара, набравшая наименьшее количество баллов, выбывает из дальнейшей борьбы. В финале конкурса должна остаться только одна пара "Нуринских звезд". А победителям в итоге будет вручен специальный приз акима Нуринского района. В следующем этапе будут соревноваться семь пар конкурсантов. Постоянными спонсорами мероприятия являются магазины п. Нура – «Шапагат» и «Салтанат».

Дмитрий ШВЕЦОВ

15 қараша – Ұлттық валюта күні

Теңге - тәуелсіздігіміздің символы

жалғасы, басы 2-бетте

Теңгені айналымға енгізу күні ұлттық валюта күні болып жарияланды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесі болып саналады. Қазақстанның ұлттық валютасының енгізілуімен дербес қаржы саясатын қалыптастыру мен жүргізудің нақты қаржылық тетіктерін қалыптастырды. Өзінің ақша бірлігін енгізу Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Үкіметіне дербес экономикалық және ақшалай-несие саясатын жүргізуге мүмкіндік берді. Тәуелсіздік алғаннан бері өз валютасының болуы экономика мен мемлекеттік қаржыны реформалау ісінде үлкен рөл атқарды. Осыған байланысты, қаржы ресурстарын жетілдіру және басқару және бюджеттің атқарылуын бақылауды жүзеге асыру мақсатында «ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылығын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 27 қаңтардағы Жарлығымен Қаржы министрлігінің жанынан Қазынашылықтың Бас басқармасы құрылды. Қазынашылық жүйенің қалыптасу процесінде аумақтық қазынашылық басқармасы құрылды. Кейіннен, ҚР Қаржы министрлігінің 1995 жылғы 7 ақпандағы бұйрығымен «Қарағанды облыстық қазынашылық басқармасы құрылды». 1994 жылы құрылған Қазақстан қазынашылығының негізгі міндеттері мемлекеттік бюджеттің кассалық орындалуы, бюджеттік ұйымдардың шоттарына қызмет көрсету, ұсынылған қаржылық құжаттарды мұқият тексеру арқылы бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылуын алдын ала бақылау және қаржылық тәртіптің сақталуын бақылау болып табылады.

Тәуелсіздік таңында ұйымдастырылған қазынашылық жүйе бүгінде мемлекеттік бюджетті атқару процесінде мемлекеттік қаржы ресурстарын тиімді және пәрменді басқаруға бағытталған функциялар кешенін

орындайтын қаржылық қатынастар құрылымында терең интеграцияланған жүйе болып табылады. Жаңа жүйе мемлекеттік бюджеттің барлық деңгейлерде атқарылуына пәрменді бақылау жүргізуге және негізделген қаржылық – экономикалық шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Бүгінде көптеген сарапшылар Қазақстан ТМД-дағы ең үздік заманауи, интеграцияланған қазынашылық ақпараттық жүйесі қалыптасқанын мойындайды. Қазынашылықты жаңғырту процесі ХВҚ, ХҚДБ және Дүниежүзілік банк сарапшыларының, сондай-ақ ТМД елдері мен Қытайдан келген жоба жетекшілерінің маңызды бағасын алды. Бұл жетістіктерде қазынашылық қызметкерлерінің де еңбегі бар. Қазынашылық органдарының кадрлық құрамын қалыптастыру қағидаттарының бірі жас және тәжірибелі мамандардың үйлесімі болып табылады. Осы жыл қазынашылық жүйесіне 29 жыл толды. Сонымен қатар, Қазынашылықтың қалыптасуына баға жетпес үлес қосқан және өзіне лайықты ауысымды тәрбиелеген қаржы қызметінің ардагерлерін атап өткізіміз келеді: Рябцева Л.К., Самошилова Т.В., Нұрсейтова Д.Т., Белякова М.А., Мухамеджанова С.Ж., Абдрахманова К.З., Құлмағамбетова А.А.

Осы бір Госбанктік касса жұмыс орынында, тек банктің атауы өзгергені болмаса 45 жыл жұмыс жасаған Нұрсейтова Дәметкен Темірбаевнадан сұхбат алған болатынбыз. Сол кездегі жұмыс бабын, ретін, жақсығын, қиыншылықтарын айтып берсеңіз деген сұраққа ол кісі жұмыстың бар ыстығын да суығында жасырмай айтып еске алған болатын. «Мектептен кейін мектеп директоры Балабеков Тыныбек Балабекович өзі мені жақсы мінездемемен Госбанкке 17 жасымда әкелген. Директорыма сол үшін үлкен рақмет. Ол кезде есеп машинка (калькулятор) компьютер деген жоқ, бар жұмыс шотпен, ой

ақыл, мимен (в уме) істелінетін кез. Тез және дұрыс санап, тіпті тік ақшаны жинап бандерольге, оны сегіздікпен байлап, сыртына ақшаның санын, мәртебесін, нөмірлі штамп, қолымызды қоятынбыз. Ақша деген күніне ақшалық қаптарымен айналасып жататын. Сол жұмысымызды атқарғанда 45 жылда бір де бір рет (больничныйға) шықпаппызғой, тіпті енем маған «Балан аурып жатыр неге больничный алмайсың» деген кезде, «Енелері барларға больничный берілмейді» дегенім бар. Жиырма екі жасымда аудандық Банк кассирлері араларында сайыс өткен болатын, сол сайысқа қатысу үшін мені ұсынды. Сайыстан бірінші орын алып, бірәз уақыттан кейін «Герой Соцтруда» төс белгісімен марапатталдым, бұл еңбегімді бағалаған Совет үкметінің алғысы, осыған да мың рақмет. Ал 1993 ж. рубль теңгеге ауысқан кезде күн демей, түн демей қолымызда ақшадан мозоль болғанға дейін жұмыс жасадық, үстіңгі қабаттан қыздарды кассаға көмекке шақыратын, сонда тиын тиынға дейін саналып қойылған рубль ақшалық қаптарымен үлкен инквизиторлық көлікпен күнде жоюға әкеліліп жататын, оған сәйкес теңге қабылданып жататын, тіпті ақшадан аяқ басатын жер болмаған. Қазыр ойлаймын қандай адалдықпен, ынтымақпен, бірлікпен беріміз жұмыс жасаған кез еді». Ал жылқы тұяғын тай басар дегендей, бұл салада енді менің қызым Жаңагүл Төлегенқызы жұмыс жасауда» деп жұмыс оқиғасын аяқтады.

Ия, сол кездегі Адамдар тек ішсем - жесем, кисем - мінсем, балаларымызға жағдай жасап берсем демей ақ, қоғамға пайдасын тигізіп, дүниеге бір кірпіш кетігін қалайыншы деген ойларымен өмір сүрген, әрине бізге бұл үлгі және өнеге. Үлкендеріміз жасай берсін!

Ал көзіргі таңда аудандық қазынашылық басқармасында із басарлар, тәжірибелі,

білікті мамандар, нағыз кәсіпқойлар – А.Т. Көрібаев бастаған және қазынашылықтың алғашқы күндерінен бастап осы күнге дейін жұмыс істеп келе жатқан орынбасар Ж.Т. Серикова, сонымен қатар жұмыс жасап жатқан қызметшілер Б.Н. Бергенова, Н.В. Демиденко, З.Т. Тусупбекова, А.Н. Өміртай.

Біздің ауданның игілігі үшін қаржы жүйесінде қазынашылық қызметкерлері мен басқа тәжірибелі мамандар, өз ісінің мамандары – мемлекеттік кірістер басқармасының, экономика және қаржы бөлімі, екінші деңгей банк жүйесінің қызметкерлері және бухгалтерлік істің қызметкерлері жұмыс істейді, олар біздің өңірдің тұрақты дамуы үшін өз тәжірибелері мен дағдыларын үнемі енгізіп отырады.

Біз бағындырған биіктердің, қол жеткізген шыңдардың маңыздылығын бағалай отырып, халықтың алдыңғы жолын даңқтай отырып, біз бір мезгілде болашақтың негізін қалаймыз. Бұл қозғалыс - бүгінде өсіп келе жатқан халықтың мәні, бұл жол мен болашақты сенімді түрде беретін елдің жолы, бұл өз идеялары мен ұмтылыстарын адамзат өркениетінің ұлы биіктеріне жеткізуге ұмтылатын мемлекеттің саясаты.

Осы мереке күні өз әріптестерімізді және қаржы қызметінің ардагерлерін төл теңгенің 30 жылдығымен және қаржыгерлер кәсіби мерекесімен құттықтап, мемлекетіміздің қаржылық өркендеуіндегі қажымас еңбектеріңізге алғысымызды білдіреміз. Зор денсаулық, жұмыста табыс және Қазақстан Республикасының өркендеуі үшін жаңа кәсіби жетістіктер тілейміз.

З.Тусупбекова
Нұра АҚБ бас қазынашысы.

Halyk Bank – сапалы қызмет көрсету

жалғасы, басы 1-бетте

- **Банк қызметі, халыққа қызмет көрсету жайына тоқталсаңыз...**

- Еліміз тәуелсіздік алып қаз тұрып келе жатқан уақытта әрқилы жағдай болғаны жасырын емес. Алмастырушы кассир, заңды тұлға, меңгеруші, жетекші маман, менеджерліктен осы кезіме дейін басымыздың аумалы-төкпелі уақытта әрқилы жағдайлар өтті. Бүгінгі бейбіт тыныш уақытта халыққа қызмет көрсетудің жоғарғы дейгейіндеміз деп толық айта аламын. «Қазақстан халық банкі» өз клиенттерінің игілігі үшін табысты қызмет көрсетіп келе жатқан ең сенімді қаржылық құрылымдардың бірі. Қазіргі электронды уақытта банктік қызметтер нарығында қызмет көрсетуде өзіндік беделге ие. Клиенттерге көрсететін қызмет түрлері әрдайым кеңейіп отырады. Бізде клиенттердің ұсыныстары мен талаптары қашан да бірінші орында. Валюта-айырбастау операциялары да жүзеге асырылады. Арнайы бағамға ие болу үшін сатып алудың және сатудың өзіндік көлемі белгіленген. Ол үшін арнайы маманнан, байланыс орталығы арқылы білуге болады. Сондай-ақ бан-



комат тәулік бойы жұмыс істеп тұр. Қазіргі уақытта халық банкте, (филиалда емес) тәулік бойы онлайн қызмет көрсету мүмкіндігі де бар. Банк

жұмысы ҚР барлық заңдарына сәйкес реттеліп отырады. Есептер жүргізу автоматтандырылған. Барлық жұмыстар қазақша және орыс тілде-

рінде жүргізіледі.

- **Қайта қаржыландыру, жеңілдіктермен несие рәсімдеу, бөліп төлеу жұмыстары қалай жүргізіледі?**

- Негізі біздің қызмет көрсетуіміз ашық жүргізілетіні белгілі. Дегенмен бірнеше сұрақтарыңыздың жауабын қызметтік құпия деп санағым келеді. Кез келген жағдайда клиент қажетті сұрақтарына лайықты жауап ала алады деген сенімдемін.

- **Валюта күні қарсаңында әріптестеріңізге тілегіңіз?**

- Біздің коллективте жастар басым. Сондықтан да олар мобильді, жаңа бағытқа бет бұрған, жаңашы. Заманауи бағыттағы кез-келген бағдарламаларды қағып алуға бейім. Осы салада адал еңбек етіп жатқан барлық әріптестеріме мықты денсаулық, еңбектеріне табыс, отбасылық бақыт тілеймін.

- **Бірсыпыра жаңалақтарға қанықтық. Еңбектеріңіз табысты болсын. Әңгімеңізге рақмет.**

Нұрғыш Нақыпова

Дін және қоғам

Зайырлы білім – келешектің кілті

Ислам адамзат баласын тұрақтылық пен татулыққа шақырып, білім алуды міндеттейді. Бірақ бүгінде дінде білім алу әйел кісіге парыз емес деген сеніммен шектеліп жатқан азаматшалар бар. Көпшілігі орта білімді. Жоғары білімді қажет санамайды.

Тіпті балиғат жасына толмаған қыздарына да орамал кигізіп, мектеп бағдарламасынан шектеп жатқандарын кездестіруге болады. Олардың көпшілігі Құран Кәрімнің «Нұр» сүресінің 31-аятындағы Алланың қыз балаға орамал тағу керек дегенін негізгі дәлел ретінде алға тартады.

Ислам дінінде орамал тағу балиғат жасына толғандарға парыз екенін білеміз. Ал қыз баланың балиғатқа толуын тек 9 жаспен шектеуге болмайды. Қазіргі кезде қыз балалардың физиологиялық ерекшеліктерін байланысты 15 жасқа дейін ұзартады.

Исламда орамалдан бұрын білім алу парыз етілген. Сондықтан білім алып, сауатты болу – Ислам дінінің ең басты талабы. Құранда ең алғашқы аят «Оқы» деп түскен. Мысалы: «Жаратқан раббыңның атымен оқы!» (Алақ сүресі, 1-аят). Сонымен қатар, мына аяттарда «Раббым білімді арттыр!» (Таһа сүресі, 114-аят), «Білетіндер мен білмейтіндер тең бола ма?» (Зүмәр сүресі, 9-аят), – деп келтірілген.

Тағы бір аятта: «Алла Тағала сендердің араларында иман келтіргендер мен бойларыңа білім дарытқандардың дәрежесін өсіреді» (Мужәдәлә сүресі, 11-аят). Яғни, бұл жерде білімділердің дәрежесі жоғары екендігін көрсетіп тұр. Хадистердің бі-



рінде: «Білім алу – әрбір мұсылман ер кісіге де, әйелге де парыз», – деп білім іздеудің әйелдерге де тиісті екенін айтқан.

Діни сенімнің де қажетті мөлшері, шегі болуы тиіс. Діни сенім ақыл мен парасатқа жүгінген жағдайда ғана шынайы діншілдік, діни мәдениет қалыптасады. Осыған орай қазақ халқының данышпаны Абай Құнанбайұлы өзінің оныншы қара сөзінде дінге қатысты ойын былай білдірген: «Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған хаж, ешбір ғибадат орнына бармайды». Бұл мәселеге қатысты Ислам дінінің қасиетті кітабы Құранда былай дейді: «Олардың көпшілігі ғылымсыздықтан құмарлықпен және әуестікпен (халықты) тура жолдан тайдырып адастырады» (Әнғам сүресі, 119-аят).

Ал қазіргі таңда кейбір мұсылман азаматтары шариғат ілімдеріне ғана көңіл бөліп, зайырлы білім алуда артта қалып жатқаны өкініш тудырады. Шариғат ілімдерін ғана оқып, әлемнің жаратылыс құпияларын ашатын ғылым-білімге мән бермеу мұсылмандар үшін жат. Ислам дінінің көркейіп дамуы үшін шариғи білімдер қаншалықты қажет болса, ғылым-білімсіз оны жүзеге асыру тіптен мүмкін емес.

Бүгінгі таңда бұл екеуінің арасын бөліп тастау мұсылмандардың адамзат дамуы көшінен артта қалуына әкеліп соқтырады. Орта ғасырларда Ислам үмбеті ғылымдар дамыған уақыттарда әлемді мойындатты, әлемде ең күшті қуатқа айналды, атақ-даңқтың шегіне жетті.

Сол үшін де, діни білімді ғана алып,

ал зайырлы білім алу парыз емес деп есептейтіндер Құранды дұрыс түсінуде білім алу қажет екенін білгендері абзал. Орта ғасырларда нақ осы ғылым-білім арқылы Ислам өркениеті дамуға қол жеткізген. Ислам елдерінде білім алу тек діни ғана емес, зайырлы тұрғыда қоса үйретілді.

Ерте кезеңдегі ең танымал ғылыми орталық – IX ғасырдың 20 жылдары құрылған Халифа әл-Мамун негізін қалаған Байтул хикма (Даналық үйі) орталығы. Бұдан бөлек көптеген қалаларда ілім-білім дамып, Фес (Марокко) қаласында алғаш заманауи үлгіде университет тұрғызылды. Бұл университетте ерлермен бірге әйелдер де білім алған. Мұнда ғылымның әртүрлі діни, әдеби, жаратылыстану және тағы басқа салалары бойынша пәндер оқытылды. Осы тұрғыда, мектеп қабырғасынан бастап оқытылатын химия, физика, математика, биология және тағы басқа пәндердің барлығы дүниенің құдіретін тануға жол ашады.

Осылайша мұсылмандар ғылымның барлық саласын жоғары деңгейде дамытып, өркениеттің дамуына барынша үлес қосқан. Дін ғылымдары мен басқа ғылымдар үйлесімділік тауып, білім-ғылымның арқасында мұсылман мемлекеттері әлемдегі ең күшті мемлекеттердің бірі саналды. Сондықтан «Зайырлы білім – болашақтың кілті!» деп сеніммен айтуға болады.

Kazislam.kz

Қарағанды облысы Нұра ауданы Тассуат ауылы әкімінің 2023 жылғы 6 қарашадағы № 3 шешім Көшені қайта атау туралы

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 187995 болып енгізілді

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңдарына және Қарағанды облысы әкімдігінің жанындағы облыстық ономастика комиссиясының 2023 жылғы 19 шілдедегі қорытындысына сәйкес, Нұра ауданы Тассуат ауылының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Нұра ауданы Тассуат ауылының Набережный көшесі Нұра көшесіне қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Тассуат ауылының әкімі

А. Ахметов

Решение № 3 акима села Тассуат Нуринского района Карагандинской области от 06 ноября 2023 года О переименовании улицы

Внесен в реестр регистраций Государственных нормативных правовых актов за № 187995

В соответствии с Законами Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», «Об административно-территориальном устройстве Республики Казахстан» и заключением областной ономастической комиссии при акимате Карагандинской области от 19 июля 2023 года, аким села Тассуат **РЕШИЛ**:

1. Переименовать в селе Тассуат Нуринского района улицу Набережная в улицу Нұра.
2. Контроль за исполнением настоящего решения оставляю за собой.
3. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня первого официального опубликования.

Аким села Тассуат

А. Ахметов

Сібір жарасы: себептері мен салқары

Сібір жарасы - бұл қоздырғышы *Bacillus anthracis* спора түзуші бактериясы болып табылатын жануарлар мен адамның жіті жұқпалы ауруы. Сібір жарасының үш түрі бар: терілік, өкпелік және ішектегі. Терілік түрі басым, сирек — сепсис құбылыстары (шіруі) бар өкпе және ішек түрі. Бұл ауру адамға ауру жұқтырылған жануардың терісімен және жүнімен жанасудан немесе залалданған етті тұтынудан жұғуы мүмкін. Сібір жарасын адамға жұқтырушы ол- үй жануарлары (ірі қара мал, қой, ешкі, түйе, шошқа) болып табылады. Адамға аурудың жұғу жолы көбінесе жанасу арқылы (малды сою кезінде терісін түсіруде немесе мал терісін өңдеуде) және бактерияның спораларымен ластанған тағамдар мен ауыз суын ішіп-жеуде және ластанған топырақты егістікте қолдануда жұғуы мүмкін. Ал ауру адамнан адамға жұқпайды.



әкелуі мүмкін. Сондықтан сібір жарасына күдікті болса, дереу дәрігерге хабарласыңыз. Емдеу тек стационар жағдайында жүргізіледі. Дәрігерлер антибиотиктерді немесе басқа да препараттарды дәрігердің кеңесуінсіз өз бетімен емдеу немесе алдын алу үшін қолданбауды ұсынады. Жұқтырудың кез келген түріне күдік болғанда дереу ауруханаға жатқызу керек.

Сібір жарасы инфекциясынан қалай сақтануға болады:

Ет пен ет өнімдерін тек өнімдердің сапасын бақылайтын жерлерде ғана сатып алу;

Ет, ет өнімдерін немесе кез келген мал шаруашылығы шикі затын өңдейтін және сататын дамдар өздерін және басқаларды қауіпсіздендіру үшін гигиеналық нормаларды ұстануға міндетті.

Жануарларды күту кезінде ветеринарлық-санитарлық ережелерді орындау.

Үй малын сою тек қана мал мамандарының рұқсатымен жүргізу.

Жануарлардың өлекселерін ретімен көму. Үлбір және былғары шикі заттарын ветеринариялық бақылау.

Жануарлардың ауруын бақылау.

Залалданған жануарлардың өлекселерін жою.

Жануарларды сібір жарасына қарсы егу. Сақ болыңыздар!

Тұрғын Ботакөз Жақыпқызы
Жұқпалы аурулар дәрігері

Сібір жарасының белгілері

Аурудың инкубациялық кезеңінің орташа ұзақтығы 2-3 күнді құрайды, бірнеше сағаттан 8-14 тәулікке дейін ауытқуы мүмкін.

Ауру тез басталады: алғашқы сағатта – дене температурасы 38-40 градусқа дейін күрт жоғарылайды және әлсіздік пайда болады. Қан (сепсис) жұқтырудың кез келген әдісі нәтижесінде дамиды.

Симптомдары:

- қатты бас ауруы;
- жоғары дене қызуы;
- жалпы әлсіздік;

- ісіну мен қышудың тез өсуімен карбункул (терізақымданғанда);

- кеуде ауыруы (өкпе түрі жағдайында);

- тұншығу (өкпе түрінде);

- қанқоспасы бар диарея (ішек түрі жағдайында);

- іштің түйілу аурулары (ішек жағдайында);

- қанқоспасы бар құсу (ішек түрі жағдайында).

Егер емдеу уақытында басталса, науқастар сауығады. Сирек жағдайларда ауру ағымы ішек, өкпе немесе септикалық түрлермен асқынады. Аурудың ауыр ағымы бар және ол науқастың өліміне

Здравоохранение

Профилактика ветряной оспы

Ветряная оспа — это инфекционная болезнь, вызываемая вирусом Варицелла-Зостер (третья группа из семейства герпес). Это заболевание у детей лечит педиатр, у взрослых — терапевт.

При первичном попадании в организм человека вирус провоцирует ветрянку, чаще всего это происходит в возрасте 3-6 лет. Перенесенная ветряная оспа формирует устойчивый иммунный ответ организма на повторное инфицирование. После 6-тилетнего возраста 70% детей уже имеют устойчивый иммунитет к этому заболеванию.

Заболеть ветряной оспой ребенок может и раньше, включая первый год жизни. В новорожденном возрасте ветрянка часто имеет нетипичные формы и протекает крайне тяжело.

Для заболевания характерна стадийность, зная которую, родителям легче сориентироваться в его течении и сроках карантина.

Инкубационный период — от внедрения вируса в организм до появления выраженной симптоматики. Может составить 10-21 день, в большинстве случаев длится 2 недели. Продолжительность инкубационного периода не зависит от возраста.

Продромальный период — самое начало проявления выраженных симптомов болезни, длится не более 1-2 дней, у взрослых протекает более тяжело. Начинается в большинстве случаев с резкого подъема температуры до высоких значений (39-40С). Сразу же за этим по телу начинают появляться прыщики, которые быстро заполняются жидкостью и начинают зудеть. Спустя 8-10 часов они лопаются, затем покрываются корочкой и пропадают. Как правило, чем выше поднимается температура в первые



сутки, тем большая поверхность кожи будет покрыта высыпаниями. В легких случаях продромальный период отсутствует, температура повышается незначительно или остается в пределах нормы, сопровождается небольшой сыпью.

Период высыпаний - сыпь стремительно распространяется по всему телу, не затрагивая, за исключением особенно тяжелых случаев, лишь ступни и ладони. Новые пузырьки появляются партиями каждые 1-2 дня в течение 4-8 суток (от 2 до 5 "волн"), после чего они начинают заживать.

Период выздоровления — начинает отсчет с момента появления последнего элемента. Новые папулы не появляются, старые лопаются и покрываются корочками, которые отпадают примерно через неделю после последних высыпаний.

Период восстановления — самый продолжительный, может длиться до года. Вирус ветряной оспы наносит

ощутимый удар по иммунной системе, для ее восстановления нужно время. В этот период наблюдается пониженная устойчивость к различным вирусным атакам, в первую очередь, ОРВИ.

Профилактика

Чтобы в будущем не столкнуться с симптомами ветрянки у детей и не искать методы лечения, стоит уделить внимание профилактике. Она включает следующие мероприятия.

В случае заболевания ребенка ветрянкой, важно изолировать его от контакта с другими детьми и людьми, особенно с теми, у кого не выработан иммунитет к вирусу.

Соблюдение гигиены помогает снизить вероятность передачи вируса.

А.Фахрисламов
руководитель Нуринаского
районного управления
санитарно-эпидемиологического
контроля

Ата-аналардың назарына!

«Қызылшаға қарсы санитариялық-эпидемиялық және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды жүргізу туралы» 2023 жылғы 1 қарашадағы №7 қаулысына сәйкес 2023 жылғы 6 қарашадан бастап 6 айдан 10 ай 29 күнге дейінгі балаларға қызылшаға қарсы қосымша жаппай иммундау жүргізілуде.

Ағымдағы жылдың 5 желтоқсанынан бастап 2 жастан 4 жасқа дейінгі 11 ай 29 күнге дейінгі балаларды иммундау басталады.

Құрметті ата-аналар, балаларыңыз үшін иммундау өте маңызды, сіз балаларыңызды егу арқылы оларды қызылшадан қорғайсыз.

Вакцинациядан бас тарту арқылы сіз балаларыңыздың денсаулығына қауіп төндіресіз.

А.Н.Фахрисламов
Нура аудандық
санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау басқармасының
басшысы

Вниманию родителей!

В соответствии с постановлением №7 от 01 ноября 2023г «О проведении санитарно-противоэпидемических и санитарно-профилактических мероприятий против кори», с 6 ноября 2023г. проводится дополнительная массовая иммунизация против кори для детей в возрасте от 6 месяцев до 10 месяцев - 29 дней.

С 5 декабря текущего года начнется иммунизация детей в возрасте от 2 лет до 4 лет 11 месяцев - 29 дней.

Уважаемые родители, иммунизация жизненно важна для ваших детей. Прививая детей, вы защищаете их от заболеваемости корью. Отказываясь от прививки, вы рискуете здоровьем своих детей.

А.Фахрисламов
руководитель Нуринаского
районного управления
санитарно-эпидемиологического
контроля

ЕСКЕ АЛУ

Кертінді ауылының тумасы болған, отбасымыздың қорғаны, ұйытқысы, сүйікті ұл, аяулы аға **Ажиқов Нұржан Нұрланұлының** фәни жалғаннан бақиға аттанғанына 25 қарашада бір жыл толмақ.

Адамгершілігімен, азаматтық іс-әрекетімен айналасына қадірлі болған, кісілік пен кішілік нұры тұла бойынан төгіліп тұрған сендей ұлымызды әрдайым мақтаныш етеміз. Алладан мәңгілік үйі жарық, нұрлы, иманы серік болсын деп тілейміз.

Бақыт дейді, бақыт бар ма жалғанда,
Көнеміз ғой тағдыр басқа салғанға.
Өзімізді санаушы едік бақытты,
Бауырымыз ортамызда болғанда.
Алла алды өзі берген жандарын,
Тілейміз біз жұмақтан орын алғанын.
Туыс, бауыр, достарынан сұраймыз,
Дұға оқып, естеріне алғанын.

Марқұмның өмірден озғанына 1 жыл толуына орай берілетін ас 2023 жылдың 25-ші қарашасында сағат 14.00-де Нұра кенті мешіті асханасында берілетінін хабарлаймыз.

Сағына еске алушылар: анасы, бауырлары, туыстары.

Көңіл айту

Нұра ауданының білім беру бөлімі, Нұра ауданының кәсіподақ ұйымы және Баршын орта мектебінің ұжымы қазақ тілі пәнінің мұғалімі Мерзасаринова Салтанат Иржанқызына

әкесі Иржан Бұғымбайұлының

қайтыс болуына байланысты отбасы және туған - туыстарының қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Көңіл айту

Нұра ауданының білім беру бөлімі, Нұра ауданының кәсіподақ ұйымы және Қуланутпес жалпы білім беретін мектебінің ұжымы осы мектеп интернатының тәрбиешісі Галина Гүлжазира Сайынқызына

анасының

қайтыс болуына байланысты отбасы және туған - туыстарының қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Көңіл айту

Нұра ауданының білім беру бөлімі, Нұра ауданының кәсіподақ ұйымы, Қарой жалпы білім беретін мектебінің ұжымы осы мектептің тарих пәнінің мұғалімі Пшембаев Мұрат Аманжолұлына, қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі Пшембаева Замира Уменқызына

ағасы, қайын ағасы Пшембаев Тілеубайдың

қайтыс болуына байланысты отбасы және туған - туыстарының қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Көңіл айту

Нұра ауданының білім беру бөлімі, Нұра ауданының кәсіподақ ұйымы, «Тірек мектеп (ресурс орталығы)» Ыбырай Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебінің ұжымы «Тірек мектебі (ресурс орталығы)» Ыбырай Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебінің аға тәлімгері Балабиева Айгерім Аяғөзқызына

әжесі Шарбан Әбілқызының және ағасы Жомарт Елеуұлының

қайтыс болуына байланысты отбасы және туған - туыстарының қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Память**Шулембаева Карлыгаш Картаевна**

11 ноября исполняется 40 дней, как ушла из жизни специалист Нуринского управления санитарно-эпидемиологического надзора Шулембаева Карлыгаш Картаевна.

Шулембаева К.К. родилась 4 апреля 1952 года в п. Нура Нуринского района. В 1974 году окончила Акмолинское медицинское училище, по специальности "санитарный фельдшер". Карлыгаш Картаевна свою трудовую деятельность начала в Вишневской санитарной станции. С 1976 года начала работать в Нуринской санитарно-эпидемиологической станции, в должности начальника эпидемиологического надзора. С 2003 года по 2010 год до ухода на пенсию работала на государственной службе специалистом, вела разделы иммунопрофилактики, особо опасные инфекции (туляремия, листериоз, бешенство), воздушно-капельные инфекции.

Шулембаева К.К. показала себя как грамотный, квалифицированный специалист, дисциплинированный работник. Пользовалась заслуженным уважением в коллективе. Всю свою жизнь посвятила любимому делу, показав себя грамотным, добросовестным и ответственным специалистом.

За время работы неоднократно награждалась почетными грамотами акима района, Департамента



санитарно-эпидемиологической службы, Благодарственными письмами министра здравоохранения Республики Казахстан и Департамента санитарно-эпидемиологической службы.

Коллектив и ветераны труда Нуринского районного управления санитарно-эпидемиологического контроля выражают соболезнования родным и близким.

Светлая память о Карлыгаш Картаевне останется в наших сердцах.

Коллектив нуринского районного управления санитарно-эпидемиологического контроля

Көңіл айту

Нұра ауданының ардагерлер ұйымы Нұра кентінің тұрғыны, зейнеткер дәрігер **Искакова Гүлден Әубәкірқызының** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты жұбайы, зейнеткер Исаков Нұркей Уалиұлына және балаларына, туған - туысқандарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Көңіл айту

Нұра ауданының білім беру бөлімі, Нұра ауданының кәсіподақ ұйымы және Қуланутпес жалпы білім беретін мектебінің ұжымы осы мектептің жанындағы интернаттың шаруашылық меңгерушісі Нуркенова Нұрсұлу Төкенқызына және күзетші Нуркен Ғалым Ережепұлына

анасы, нағашы әжесі Жұпардың

қайтыс болуына байланысты отбасы және туған - туыстарының қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Көңіл айту

Нұра ауданының білім беру бөлімі, Нұра ауданының кәсіподақ ұйымы және М.Дулатов атындағы жалпы білім беретін мектебінің ұжымы осы мектептің технология пәнінің мұғалімі Хайв Асимаға

апасы Хайв Касиманың

қайтыс болуына байланысты отбасы және туған - туыстарының қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Тұрғындар назарына!**Жылыту кезеңіндегі өрт қауіпсіздігі**

Жылыту кезеңінде пешпен жылытудан болатын өрттердің саны артады және пештерді дұрыс пайдаланбау өрттердің себептерінің бірі болып табылады.

Осыған байланысты Нұра ауданының ТЖ бөлімі халықты пешпен жылытуды пайдалану кезіндегі өрт қауіпсіздігінің ережелерін қатаң сақтау қажеттігі туралы ескертеді. Келесі қарапайым ережелерді сақтау жылу маусымы ешқандай қиындық әкелмейтініне кепілдік береді, ал пеш шынымен үйдегі жылу мен әл-ауқаттың көзі болып табылады:

- жылыту маусымы басталар алдында қазандықтар, жылу генераторлары және калориферлік қондырғылар, үйді жылыту үшін пайдаланатын басқа жылыту құралдары мен жүйелерді, пештерді тексеру қажет;

- ақаулары бар пештер мен басқа жылыту құралдарын пайдаланбаңыз, бұл қайғылы жағдайға әкеліп соқтырады. Есіңізде болсын, сіз пайдаланатын пештер мен басқа да жылыту құралдарының жанғыш құрылымдардан өртке қарсы бөліктері (шегіністері) нормаға сәйкес болуы тиіс, сондай-ақ пеш алдындағы оттық парағының көлемі 0,5 x 0,7 м кем емес күймеген және зақымданусыз болуы тиіс;

- пештерді тек арнайы мамандарға қалатыңыз немесе жөндетіңіз;

- түтін мұржалары мен пештерді күйеден тек жылыту маусымы басталар алдында ғана емес, бүкіл жылыту маусымы бойы (айына кемінде 1 рет) тазарту қажет. Со-



нымен, тұтану алдында тартылыс тексеріледі, егер дұрыс тартпаса, түтіндік пен мұржаларды тазалау қажет. Мұржаны міндетті түрде өктеу керек;

- түтін мұржалары жарамды ұшқын ұстағыштармен жабдықталуы тиіс (ұяшық өлшемі 5x5 мм аспайтын металл торлармен). Түтін мұржаларының температурасы шатырдың жануына әкелмеуі үшін шатырмен жанасатын жерлердегі түтін мұржалары жанбайтын материалдармен

(мысалы, асбест табақтары) оқшаулануы тиіс. Жанатын жылытқыш орамдарын қолданған кезде құм төселуі тиіс. Желдеткіш және басқа каналдарды пештің мұржасы ретінде пайдалануға тыйым салынады;

- күлді, қожды, көмірді бұл үшін арнайы бөлінген жерге алып тастау керек, өрт туындау мүмкіндігін болдырмайтын орындар. Мұндай жинау орындарын жанғыш құрылыстардан 15 метрден жақын

орналастыруға рұқсат етілмейді;

- отынды жағуға жанғыш сұйықтықтарды пайдаланбаңыз, бұл жалынның шарпып шығуын тудыруы мүмкін. Пешті жарықшалар пайда болмас үшін және қызып кетудің алдын алу үшін қатты жағуға болмайды;

- пешпен жылытуды пайдалану кезінде жанып жатқан пешті қараусыз қалдыруға, сондай-ақ оларды қадағалауды жас балаларға тапсыруға тыйым салынады. Бұдан басқа, есіктері ашық пештерді жағуға болмайды, тікелей пештерде, пеш алдындағы табақта, сондай-ақ пештердің оттық саңылауларынан кемінде 1,25 м және пештердің басқа қыздырылған бөліктеріне дейін кемінде 0,5 м қашықтықта отын, киім және басқа да жанғыш заттар мен материалдарды кептіруге және жинауға жол берілмейді;

- пешті тек үйде ғана емес, сонымен қатар шатырларды мезгіл-мезгіл тексеріп отырыңыз. Пеш жағуды үйден шыққанға дейін кемінде 2 сағат бұрын тоқтатыңыз.

Отты пайдалану кезінде абай болыңыз! Өрт қауіпсіздігінің қарапайым ережелерін елемей материалдық залалға ғана емес, адамдардың өліміне де әкелуі мүмкін.

Өрт немесе жану белгілері (түтіндеу, күйіктің иісі, ауаның жоғары температурасы) анықталған кезде дереу 101 немесе 112 телефонына хабарлаңыз.

Нұра ауданының ТЖ бөлімі

Кез келген елдің тарихи жадын өшіріп, жерін иемденіп алу үшін басқыншылар алдымен жер атауларын, тарихи тұлғаларын жоюға күш салған. Сонда тамырынан ажырап, болмысын жоғалтып алған ұлт өзінің кім екенін де біртіндеп ұмыта бастайды екен. Отарлаушылар өз мақсатына қол жеткізу үшін осындай істерді мықтап жүргізген. Қазақ халқы да небір қилы замандарды, жаугершіліктерді бастан өткерді. Елімізді отарлауды мақсат тұтқан басқыншылар, біздің де жер су-атауларын өзгертіп жіберуге күш салған. Олар әлденеше заман өтіп, ұрпақ ауысқаннан кейін сол жерлер атауына байланысты өз жері болып шыға келетінін жақсы білген. Сондықтан осындай қиянатқа барған.

Міне айтып отырғанымыздай көрі тарихтың қанды парақтарында ел мен жер тарихының көз жасы төгіліп тұр. Өйткені кең байтақ атамекеніміздегі жер-су атауларының көбі тарихи атауларын жоғалтып алғаны белгілі. Тарихқа көз жүгіртсек, бұндай өзгерістер ұатымыздың өмір жолында көп болыпты. Арыға бармай-ақ жоңғар-қалмақ шапқыншылығынан бастап көз жүгіртсек жеткілікті. Соның кесірінен әлі күнге дейін көптеген жерлеріміз жоңғар-қалмақ сөздерімен аталады. Осы ретте кейбір атауларға қатысты пікірлердің екі түрлі екенін де ескерген жөн. Сондықтан әлі де зерттеуді қажет ететін сөздер көп. Ал одан кейін патшалық Ресейдің отарлау саясатының кесірінен өзгеріп кеткен атаулардан көз сүрінетінін айтпасақ та болады. Бағдарламада ономастика саласына да көп көңіл бөлінген. Онда «...ономастика саласындағы жұмысты жетілдіру арқылы, ең алдымен, ономастикалық жұмыстарды жүргізген кезде ашықтық қағидаттарын енгізу, қоғамдық пікірді ескеру, шешімдерді қабылдау процесіне азаматтық қоғам институттарын және бұқаралық ақпарат құралдарын кеңінен тарту көзделеді. Бұл нәтижеге қол жеткізу үшін ономастика саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіре түсу, сондай-ақ, географиялық объектілердің атауларын мемлекеттік тілде жазу, оны орыс және басқа да тілдерде транслитерациялаудың ережелерін әзірлеу талап етіледі», – деп нақты көрсетілген. Осы бағыттағы жұмыстар бағдарлама аясында жүйелі түрде атқарылып келеді. Бұл мәселеге жер су-атауларын зерттеуші ғалымдар мен тілді зерттеуші ғалымдар да үлес қосып түбегейлі айналысуда. Қазірдің өзінде мемлекеттік бағдарламаның арқасында бабадан қалған қасиетті жерлеріміздің төл атаулары қайтып оралып, көптеген елді мекендер мен көше аттары өзгертілді. Әлі де атқарылар жұмыс жетіп артылады. Сондықтан әр аймақ пен өңірдегі тілдерді дамыту жөніндегі басқармалар тоқтаусыз жұмыс істеуде, түрлі іс-шараларды ұйымдастыруда. Елдің елдігі, адамдарының білім деңгейі дұрыс, қатесіз жазу барысында бірден байқалып тұрады. Ел мұраты жолында ономастика саласындағы кемшіліктермен күрес тоқталмайды. Өйткені ономастика саласын дамыта түсу еліміздің ең басты және құнды мұраты. Түптеп қараған адам ономастика саласының өте маңызды екенін бірден түсінеді. Өйткені ол жай ғана ғылым

Ономастика саласын дамыта түсу - елдік мұратымыз

емес, өте астарлы саясат. Сондықтан Тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасында бұл жұмыстарға жіті мән беріліп, алдын ала болжамдар жасалынғаны белгілі. Бағдарламада ономастикалық комиссиялардың жұмысындағы шешім қабылдау үдерісін талқылауда қоғамдық қолжетімділік пен ашықтық қағидаттарының сақталуы бойынша тұрғындардың қанағаттанушылық деңгейіне ерекше мән берілген. Ол деңгейлерді әр кезеңдерге топтастырып бөліп көрсеткіштерін анықтап берген. Өйткені жер-су атауларында күллі Қазақстан халқының мүддесі көзделуі керек. Ол мәселеде түрлі көзқарастар болатыны айтпаса да түсінікті. Міне, сондықтан да ономастика саласы ешкімді де сырт қалдырмайды. Бұл дәлелдеуді қажет етпейтін нәрсе. Ономастика көшін түзету арқылы әр ұлт өзінің мұрасын болашаққа шашуа шығармай апаруды көздейді. Әрбір азаматтың осы тұрғыда өз пікірі мен ойы, ұсынысы болары сөзсіз. Соның бәрі ескерілгенде барып дұрыс таңдау жасалынбақ. Ал ол зер салып қараған адамға ономастиканың атқарар жұмысымен тікелей байланысты болып келеді. Аталмыш мақаладағы: «... Жергілікті нысандар мен елді мекендерге бағытталған "Туған жер" бағдарламасынан бөлек, біз халықтың санасына одан да маңыздырақ – жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіруіміз керек. Ол үшін «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы керек. Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі. Біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы Даланың көз

жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Бірақ осынау рухани географиялық белдеуді мекен еткен халықтың тонның ішкі бауындай байланысы ешқашан үзілмеген. ...Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтандықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы» деген жолдар біз айтқан жер-су атауларына қатысты мәселелердің негізгі бастауы. Осы мақала шыққаннан кейін бірден үкіметімізде «Қазақстанның киелі жерлерінің картасын» жасау жұмыстары талқыланып, барлық облыстарда түбегейлі іске асып, өңірлердегі қасиетті жерлерге көңіл бөліне бастады. Тарихи атауларға назар аударылды. Бұл іс ономастика саласының құлашын кеңге сермеуге тың күш берді. Осыныдай іргелі істердің арқасында қыруар дүние жасалынды. Әлі де атқарылары сөзсіз. Сондықтан біз де осы ретте көкейде жүрген ойымызды айта кетсек. Тарихи тұлғалардың аттарын көшеге немесе елді мекендерге берген кезде бұрынғы кеңес дәуіріндегі нұсқасын ала салмай, қазақы қалыпқа салып өзгертіп берсек, нұр үстіне нұр болар еді. Тұлғалардың тегіне тіркеліп кеткен «ов», «ев»-терді алып тастап, ұлы немесе тегі деген сөздерді қоссақ. Бұл жұмыстың өзі де түбегейлі зерттеу мен қыруар күш-жігерді қажет етеді. Сондай-ақ, кезінде құжат беретін мекемедегі қазақ тілін білмейтін мамандардың кесірінен өкеміздің немесе ата-бабамыздың аттарының өзі қате жазылып жүр. Орысша әріптерімен жазылған қазақша есімдердің мағынасы түсініксіз болып шыға келген. Ендігі үміт латын әліпбиіне көшу жолында осы кемшілік ескеріліп аты-жөнімізді

құжаттарымызда қазақша сауатты жазуды жолға қойып алсақ жөн болар еді. Әрине елімізде аты-жөнін өзгерткісі келетіндерге барлық мүмкіншілік қарастырылған. Бірақ та азаматтардың өздері ден қоймай, еріншектік танытып жүргені белгілі. Сондықтан осы салаға жауапты мамандар бұл мәселені жан-жақты қарастырып, бір шешімге келсе деген ұсынысымыз бар. Жаппай өзгерту кезінде оған жіті көңіл бөлмей жүрген

жандардың өздері де аты-жөні мен тегінде кеткен әріп қателерді түзетіп алуға талпынар ма еді. Өйткені олардың көпшілігі құжат өзгерту кезіндегі жұмыстардан қашқақтайтыны белгілі. Мысалы, төлқұжатымыздағы тегімізді, атымызды өзгерткен немесе қазақша әріптермен жаздырған жағдайда кейбір құжаттарымыз бұрынғы қалпында қала беретіні туралы шешім шығарылған. Бірақ кейбір маңызды мәселеге байланысты аты-жөнінің өзгергені туралы қосымша анықтама талап етіледі. Әрине, аты-жөнімізді дұрыс жазуға талпыныс біртіндеп дұрысталып келеді. Бірақ тәуелсіздік алғаннан кейін дүниеге келгендердің кейбірінде осындай қателік әлі де жеткілікті. Өйткені кейбіріннің тегі өкесінің тегімен бірдей болып жазылу үшін солай жазылағаны түсінікті. Бұл мәселе елдік маңызы бар ірі жұмыстардың қасында жай нәрсе болып көрнуі мүмкін. Дегенмен бұның да қоғамдық сананы қалыптастыруда алар орны бар. Ал қоғамдық сананы қалыптастыру арқылы көп нәрсені оңтайлы жолмен дамытуға болатыны белгілі. Бағдарламадағы «Антропонимикалық атауларды және көрнекі ақпараттарды сәйкестендіруді жүзеге асыру мемлекеттік тілде антропонимикалық белгілеулерді жазу мен сәйкестендіру жөніндегі бірыңғай талаптарды әзірлеуді, сондай-ақ көрнекі ақпаратты көркем ресімдеу туралы нормативтік құқықтық базаны жетілдіруді талап етеді» деген жоспар арқылы көптеген түйткілді дүниелер өз шешімін тауып келеді, әлі де ауқымды істер атқарыла беретіні ақиқат. Болашақта ономастика, антропонимика саласындағы барлық мәселе атаулы толығымен шешімін табатынына сеніміміз мол.

Ж. Нұрмағанбетов

Продается дом в п. Нура по адресу: ул. Мынбаева, 11. Имеются огород, хозпостройки, гараж, центральный водопровод. Тел.: 87055817974

Продается 4х комнатная квартира в двухквартирном доме по адресу ул. Балабиева. Рядом находятся садик, школа, магазины, детская площадка. Цена 6млн. Тел. 87051084305

Продается 5-тикомнатный дом-особняк со всеми удобствами по адресу: ул. М. Ауезова, 13 (Старчева, 13) с мебелью. Имеется большой земельный участок, на территории - летняя кухня, гараж, хоз постройка, крытый сеновал. Санузел, вода проведена в дом, большой огород. Печь недельная. Тел.: 21647, 8700 569 06 37.

Объявление

В связи с проведением актуализации и инвентаризации объектов по селу Куланотпес Нуринаского района просим всех собственников зданий по улице Әлихан Букейханов, 6/1, предоставить сведения (правоустанавливающие документы) в течение десяти дней со дня опубликования.

Акким села Куланотпес

Алькенов А.А.

Газет аптасына 1 рет шығады Индекс 65421 Тиражи 390 Тапсырыс 44	Меншік иесі: "Нұра" аудандық газетінің редакциясы ЖШС Қазақстан Республикасы Ақпараттық және Қоғамдық даму министрлігінен Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 03 ақпанында қайта есепке қойылып № KZ65VPY00064140 куәлігі берілген	Бас редактор: Тазагүл ПШЕНБАЕВА Индекс: 100900 Мекенжайымыз: Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Нұра кенті, Талжанов көшесі, 8а үй. Электронды адрес: nuratany@mail.ru Телефондары: Бас редактор: 8 777 88 99 945 Тілшілер: 21-9-53	Газет ЖШС "Типография Арко" баспаханасында басылған. Қарағанды қаласы, Сәтбаев көшесі, 15 Телефондары: 41-17-83, 41-17-80 Офсеттік басылым, көлемі 2,0 баспа табак. Газет аптасына 1 рет шығады	Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді
--	--	--	---	---